

Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 70/8-6 "
Целиноград ауданы елді мекендерінің жерлеріне жер салығының
мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 182/25-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 ақпанда № 6402 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 шілдедегі № 162/29-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 25.07.2022 № 162/29-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, "Ақмола облысы Целиноград ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгерту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № А-12/567 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 6С-17-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6274 болып тіркелген) сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "Целиноград ауданы елді мекендерінің жерлеріне жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 2016 жылғы 23 қарашадағы № 70/8-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5656 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) кіріспеде келесі редакцияда баяндалсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 510-бабының 1-тармағына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

2) қосымшада, кестенің 3-бағанында:

жетінші жолда (аймақ нөмірі III) "Мәншүк ауылдық округі" алынып тасталсын, жиырма үшінші жолды (аймақ нөмірі IV) "01-011-093 Разъезд № 93 (Тасты ауылдық округі)" алынып тасталсын;

3) тақырыпта және қазақ тіліндегі барлық мәтін бойынша: "жоғарылату", "жоғарылатылсын", "жоғарылатылған" сөздері "арттыру", "арттырылсын", "арттырылған" сөздерімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық
мәслихаты сессиясының
төрайымы*

С.Абеева

*Целиноград аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б.Жанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

*Целиноград ауданының
әкімі*

М.Тәткеев

30.01.2018

*"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік
кірістер комитеті Ақмола облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер
департаментінің Целиноград ауданы
бойынша мемлекеттік кірістер
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

А.Жантеміров

30.01.2018